



Ақмешіт

16 маусым
сейсенбі
№45 (2257)
2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ШЕТ АЙМАҚ ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ



Сыр елінің бас қаласы бүгінде дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Халық сұранысын қанағаттандыру жолында жасампаз жобаларды жүзеге асып, тұрғындар игілігін көруде. Қаламыздың әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда белсенді жұмыстар атқарылууда.

Ендігі кезекте қаланың шет аймақтарын дамыту мәселесіне көңіл бөлінуде. Осы мақсатта облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «B1 Group» компаниясының акционері, директорлар кеңесінің мүшесі Бауыржан Исабаевпен кездесті. Кездесуде өңірде инвестициялық жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды дамыту, көшелерді абаттандыру және қаланың шет аймақтарына әлеуметтік нысандар салу мәселелері талқыланды.

Кейінгі жылдары «B1 Group» компаниясының ауқымды инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалары өңір келбетін жаңғыртқаны белгілі. Атап айтқанда, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы. Сонымен қатар экологиялық мәдениетті дамытуға және жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған жоба – Ботаникалық бақ және жақынды пайдалануға берілген халықаралық стандарттарға сай «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы. Бұдан бөлек, қалалық мәдени-демалыс паркі мен Президент сабағы қайта жаңғыртылып, заманауи демалыс аймағына айналды.

«Ақмешіт-ақпарат»

МӘСЕЛЕ

ҚОҒАМ ҚАСІРЕТІ: БЕЗБҮЙРЕК АНАЛАР ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?



Жер басып жүрген пенделердің арасында неге қатыгездік өршіп барады? Жарғақ құлағы жастыққа тимей перзенті үшін жанын қиятын кешегі аналар үлгісі қайда? Тал түсте бауыр еті баласын қоқысқа тастап, артына бұрылып та қарамайтын безбүйрек ана қайдан шықты? Міне, екі күннің бірінде осындай суыт хабарларды естіп, жан дүниеміз аласұрып, жүрек шошитын дәрежеге жеттік. Қой үстіне бозторғай ұялаған заманда бір сұмдықтың хабаршысындай сүркия жандар көбейіп барады. Бойына бала бітіп, өзінің алыс екі тамырымен сәбидің бойына нәр жүгіртіп, тар құрсақты кеңітіп, тас омырауды жібітетін титімдей тіршілік несін әкеліп, оны қауыз ашқан ғажайып өмірмен қауыштырудың орнына ажалға қып жүрген шынында неткен зұлым пенде деп қайран қаласың. Кең даланың туған топырағында аунау бұйырмаған балапанға «аппағым» дейтін қарғаның, «жұмсағым» дейтін кірпінің мейірімінде де жылы сезім бұйырмай, зұлымдықтың құрбанына айналып, «шыр» етіп өмірге келе салып көз жұмуы сұмдық емей немене? Мұнан кейін жүрегінде иманы бар адам жалғанды жалпағынан басып қалай өмір сүреді? «Адамның басы – Алланың добы» дейді. «Атана не істесен, алдына сол келеді» демей ме?

Осындай хабарларға үрке қарайтын үкілі елдің ұрпағы едік. Ана деген ардақты атқа кір келтірген осындай қарақөздерге баяғы дала заңының қатал үкімі керек-ақ.

Әлеуметтік желіні ашсаң болды жан дүниенің жай түсіргендей қасіретті жағдайлар еңсенді езіп барады. Мына жазбаны көріп есеңгіреп қалдық. «Шымкентте жаңа туған нәрестенің мәйіті табылды. Нәрестенің денесін Рысқұлов көшесіндегі қоқыс контейнерінен коммуналдық жұмысшы тапты. Ол оқиғаның қалай болғанын баяндап берді.

4-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚҰРЫЛЫС ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ

Сыр өңірінің құрылыс саласында қарқын бар. Нәтижесінде, құрылыс алаңына айналған өңірде ауыз толтырып айтарлық оң өзгерістер бар.

Жалпы құрылыс – экономиканың негізгі драйвері десек, бұл тұрғыда Сырдың бас шаңары құрылыс саласының қарқыны бойынша республикада алдыңғы орындардан көрінді. Алып құрылыс алаңына айналған Қызылорда заманауи келбетін қалыптастырып, сәулетіне көрік қосты. Сонымен қатар ең таза қалалардың көшін бастап келеді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қаладағы бірқатар маңызды нысанды аралап, олардың жұмыс барысымен танысты. Аралау барысында тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуына ерекше назар аударды.

2-БЕТТЕ



АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

Ауыл – руханиятымыздың темірқазығы, ұлттық құндылықтарымыздың алтын бесігі екені даусыз. Ауылдың таза ауасын жұтып, тұнық суын ішіп, көркем табиғатынан қуат алып өскен әрбір азамат өзі туған топырағын барынша қадірлеп-қастерлейді. Төрт түлігін түлетіп, егістігін жайқалтып, шаруасын өрге сүйреп отырған ауыл – бүтін бір елдің асыраушысы, қайнаған еңбектің ордасы. Қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылдық округі тарихы терең әрі даму әлеуеті жоғары елді мекендердің бірі.

ҚАРАУЫЛТӨБЕ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІНДЕ



Соның бір дәлелі Қарауылтөбе ауылының тыныс-тіршілігі туралы мақаланы дайындап жатқанда, ауылдық округтен сүйіншілеген жағымды жаңалық келіп түсті. Елді мекенде жаңа өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді. Бұл игі шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев пен ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов бастаған ел ағалары мен зиялы қауым өкілдері арнайы қатысып, ауыл халқының қуанышымен бөлісті. Өртке қарсы қызметі жоқ шалғай елді мекендерде жедел және тиімді көмек жүйесін құру мақсатында аймақта 35 бекет салынған. Бекеттер 25 өрт сөндіру автокөлігімен, 12 тіркеме, 8 тасымал,

2 стационарлық радиостанциямен, өрт құрал-жабдықтары және жауынгерлік киімдермен жабдықталған.

– Облыста 2023-2025 жылдары 2 млрд теңгеден астам қаржыға 17 өрт сөндіру техникасы, 4 арнайы жабдықталған жеңіл автокөлік, 90 цифрлық радиобайланыс жүйесі, 50-ден астам арнайы құрал-жабдық алынды. Осы жылы 2,8 млрд теңгеге 20 өрт сөндіру автокөлігі сатып алынады деп жоспарлануда. Жаңа техникалар алдағы уақытта табысталады. Бұл – өңіріміздің төтенше жағдайлар саласы қызметкерлеріне үлкен қолдау, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

3-БЕТТЕ

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ: ҚАУІП ЖОҚ ДЕМЕ...



Күннің аптап ыстығында сергіп, суға шомылғанға не жетсін?! Әсіресе, балалар үшін өзен-көл жағасында асыр салып ойнау – жазғы демалыстың ең қызықты сәттерінің бірі. Алайда, кейде сол бейқам көңіл орны толмас қайғыға ұласып жатады. Өкінішке қарай, жаз басталмай жатып-ақ өңірімізде суда қаза болу дерегі тіркелді.

Елімізде шомылу маусымы басталғалы бері 8 адам суға кетсе, оның 4-еуі – жасөспірімдер. Жуырда ғана Батыс Қазақстан облысында үш мектеп түлегінің суға батып кеткені туралы суыт хабар тарайды. Жалпы, жыл басынан бері республика бойынша 22 адам суға кетіп, қайғылы жағдайлар қоғамды алаңдатып отыр.

Адам өмірінен артық құндылық жоқ. Сондықтан суға түсу кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Өйткені, немқұрайлық пен сақтықтың жоқтығы адам өмірін бір сәтте қиыны мүмкін.

Мамандардың айтуынша, ересектер арасында суға кетудің негізгі себептері – мас күйінде суға түсу, қауіпсіздік ережелерін сақтамау және тыйым салынған орындарда шомылу. Сондай-ақ өз күшіне шамадан тыс сену де қайғылы жағдайларға әкеледі. Ал балалар арасындағы қайғылы оқиғалардың басты себебі – ата-ананың қарауынсыз суға түсу.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қаны қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге,

мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге
хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Электрлі самокат пен электр велосипедтері қала өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Қазір әлемде халық саны артып, қалалар үлкейіп, көлік ағыны ұлғайған сайын көшеде жүруге ыңғайлы, кептелісте тұрмайтын, еркін қозғалуға мүмкіндік беретін электрлі самокаттар үлкен сұранысқа ие. Бұл үрдіс кейінгі кезде елімізде де айқын байқалып жатыр. Көшеде самокат мінгендер қатары көбейіп келеді. Дегенмен кейінгі кезде жазатайым оқиғалардың саны да артуда. Қала көшелерінде еш алаңсыз жаяу жүру қиындап барады дейтіндер де бар. Хош, жаяу жүргіншілерден электросамокатты тізгіндегендерге қатысты шағым көп.

ЭЛЕКТРОСАМОКАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ РЕТТЕЛЕДІ



Сурет шыққан дереккөзден алынды

Осыған байланысты қалалық Полиция басқармасы велосипед және самокат пайдаланушыларын жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Велосипедпен немесе самокатпен жаяу жүргіншілер өткелінен өту кезінде көлік құралынан түсіп, оны жетектеп өту міндетті. Бұл талап жүргізушілердің велосипедші немесе самокатшының қозғалысын дер кезінде байқап, жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін енгізілген.

Электр скутерлері мен кикшеринг қызметтеріне қатысты жаңа ережелер 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Енді олар ресми түрде толыққанды көлік құралы ретінде қарастырылып, самокатты тек 18 жастан асқан және кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі бар адамдар ғана басқара алады. Кикшеринг компаниялар пайдаланушылардың жеке басын, жүргізуші куәлігінің бар-жоғын тексеруге, самокаттардың техникалық жағдайын бақылауға, міндетті сақтандыру рәсімдеуге және тұрақ қою тәртібін қадағалауға міндеттеледі. Әрбір жалға берілетін самокатқа тіркеу нөмірі беріледі. Кәмететке толмағандардың самокат пайдалануына байланысты жауапкершілік ата-аналарға жүктеледі. Сондай-ақ 1 шілдеден бастап самокаттардың тротуармен жүруіне тыйым салу жоспарлануда. Қозғалыс тек веложолдармен, жол жиегімен және жолдың оң жақ шетімен ғана рұқсат етіледі. Ерекшелік ретінде тек жылдамдығы 6 км/сағ-тан аспайтын арнайы ортақ қозғалыс аймақтары сақталады.

Жасыл нөмір беріледі

Елімізде жақын арада ерекше нөмір таққан көліктер көбеймек. Экологиялық таза көліктерді тануды жеңілдету мақсатында электромобильдерге арнайы мемлекеттік нөмірлер беріне бастайды. Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділовтің мәлімдеуінше жаңа талаптарды бекітетін заң жобасы 2026 жылдың жазында ресми күшіне енеді деп жоспарлануда. Алайда, электромобиль иелері жана үлгідегі нөмірлерді бірден ала алмайды. Министрлік өкілінің айтуынша, алғашқы «жасыл» нөмірлер тек заң бекітілгеннен кейін алты ай өткен соң ғана айналмауға шығады. Бұл уақыт аралығы мемлекеттік нөмірлерді дайындайтын кәсіпорындарға жабдықтарын қайта конфигурациялау және техникалық дайындықтан өту үшін қажет. Ішкі істер министрлігі бұл жаңашылдыққа мемлекет бюджетінен ешқандай қаражат жұмсалмайтын кесіп айтты. Нөмірлердің фон түсін өзгертуге және өндірісті қайта реттеуге қажетті барлық шығындары жеткізуші компаниялар өз мойнына алмақ. Электромобильдердің нөмірі стандартты ақ түсті емес, көзге бірден түсетін жасыл фонмен ерекшеленеді. Болашақта мұндай көліктерге қала орталығында тегін тұрақ немесе арнайы жолақтармен жүру сияқты жеңілдіктер қарастырылуы мүмкін. Тегін қоғамдық тұрақ, ақылы жолдарды тегін пайдалану және қолдануға көліктерге тыйым салынған қорғалатын экоймақ Алматыдағы Шымбұлаққа кедергісіз кіру мүмкіндігі беріледі. Жасыл нөмірлер тек аккумуляторлы электр көліктеріне беріледі. Гибридті көлік иелері стандартты ақ нөмірлермен шектеледі.

Қазақстан бұл салада көшбасшы болмаса да, халықаралық озық стандарттарды негізге алып отыр. Мысалы, Қытайда электромобильдерге арналған жасыл нөмірлік белгілер экологиялық көліктер үшін қазірдің өзінде толықтай күшіне енген. Еуропа елдері де бұл бағытта ілгері тұр. Норвегия мен Ұлыбританияда «жасыл» таңбасы бар көлік тізгіндегендерге мемлекет тарапынан айтарлықтай жеңілдіктер жасалған. Олар ақылы жолдарда тегін жүріп, кептеліс кезінде қоғамдық көлік жолақтарын еш кедергісіз пайдалана алады.

Көрініс елдердің тәжірибесі де назар аударуға тұрарлық. Украина мұндай ерекше нөмірлерді тек толықтай электрлі көліктерге ғана беріп, оларға тегін тұрақ пен зарядтау станцияларын еркін қолдану мүмкіндігін ұсынады. Осыған ұқсас жүйелер Беларусь пен Қырғызстанда да сәтті енгізілген. Ал технологиялар мекені Оңтүстік Корея бұл қатарға 2024 жылы қосылып, экологиялық таза қозғалысқа жаңа серпіні берді. Осылайша, еліміздегі бұл реформа – жаһандық «жасыл» көшке ілесудің және экологиялық жауапкершілікті арттырудың айқын қадамы.

Думан РАХЫМЖАНҰЛЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ҚҰРЫЛЫС ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ

Аймақ басшысы алдымен Тасбөгеттегі бас су жинау қоймасына барды. Нысанның тәуліктік қуаты 56 500 текше метр, «Степ», «Арай» және «Бас тоғаннан» алынған таза су арнайы су сақтау қоймаларына жиналады. Кейін насос станциясы арқылы төрт су құбыры желісімен қала тұрғындарына жеткізіледі. Сырдария өзенінен алынатын су механикалық тазартудың бес кезеңінен өткізіледі. Зертхана мамандары ауызсудың сапалық құрамын тәулік бойы тұрақты бақылауда ұстап, тиісті сараптамалар жүргізеді.

Облыс әкімі жауапты сала басшыларына жұмысты жүйелі үйлестіріп, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесіне тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Қазіргі таңда «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-нің 300 қоғамдық көлігі қала аумағына 32 бағыт бойынша қатынайды. Серіктестікте 700-ге жуық адам еңбек етеді. Аймақ басшысы жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруды тапсырды.

Келесі нысан – Абай даңғылы бойындағы тұрғын үйлер аулаларына салынып жатқан спорт және балалар ойын алаңдарының құрылысы. Құны 1,9 млрд теңгенің жобасы аясында 29 тұрғын үйдің ауласына ойын, шағын футбол және воркаут алаңдары салынады. Бас мердігер – «Еңбек» РМК. Балалар қауіпсіздігі басты назарда болуы қажет. Сондықтан құрылысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Бұдан кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан бой көтеріп жатқан Инжинирингтік парктің құрылыс алаңының барысын барып көрді. Парк құрамында археология және физика-химиялық талдау әдістері зертханалары, жасанды интеллект және



академиялық басымдық орталықтары, робототехника, аудиториялар қарастырылған. Нысанды келесі жылы жерді қашықтан зондтау және IT зертханалары жұмыс істейді. Сонымен қатар 90 орындық дәрісхана, 140 орындық конференц-зал және заманауи компьютерлік

«Ақмешіт-ақпарат»

«14 маусым – Дүниежүзілік донорлар күніне» орай облыстық қан орталығында «Қан тапсыр, плазма тапсыр, адамдарға өмір сыйла және мұны жиі жаса» ұранымен акция ұйымдастырылды.

ӨМІР СЫЙЛАЙТЫН ІЗГІ ІС



Акцияда облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова мен облыстық қан орталығының директоры Жалғасбек Тұрлыбекулы донорларды мерекелем құттықтады. Сонымен қатар тұрақты қан донорларын Алғыс хаттармен марапаттады.

Бұл күн – адам өмірін сақтап қалуға үлес қосып жүрген жомарт жүректі жандарға деген ерекше құрметтің күні. Донорлық – бұл жай ғана қан тапсыру емес, бұл – өзгенің тағдырына бейжай қарамайтын азаматтық ұстаным, адам өміріне деген қамқорлық пен жауапкершіліктің жоғары көрінісі.

Өңірде қан доноры қызметін дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның жарқын дәлелі – 2024 жылы облыстық қан орталығының жаңа заманауи ғимаратқа көшуі. Халықаралық талаптарға сай жабдықталған жаңа орталықта донорлар мен қызметкерлер үшін барлық қолдай жағдай жасалған. Бұл қалам трансфузиялық терапияның сапасын арттырып қана қоймай, науқастарға құйылатын қан мен оның компоненттерінің қауіпсіздігін және сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Бүгінде облыстық қан орталығы қаладағы және жеті аудандағы барлығы 17 медициналық ұйымды қан

өнімдерімен қамтамасыз етеді. Мамандардың мәліметінше, жыл сайын өңірде 13 мыңнан астам тұрғын қан тапсыруға ниет білдіреді. Оның ішінде 3500-ге жуық адам – тұрақты донорлар. Өткен жылы донорлардың 57 пайызын ер азаматтар, 43 пайызын әйелдер құраған.

Жаңа орталықтың қуаттылығы жылына 10 мыңға дейін донорлық қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл өңір тұрғындарын қауіпсіз және сапалы қан компоненттерімен қамтамасыз етуге, қан қызметінің тиімділігін арттыруға үлкен серпін беріп отыр.

Жалпы, елімізде жыл сайын 180 мыңнан астам адам донор атанып, 255 мыңнан астам донорлық жасайды екен. Соның нәтижесінде 80 мыңнан астам пациент қажетті қан құю қызметімен қамтылып, олардың өмірін сақтап қалуға және сауығын кетуіне мүмкіндік болады.

Сонымен қатар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске сәйкес қан тапсырған қызметкер медициналық тексеруден өтіп және донорлық жасау күндері жұмыстан босатылады. Бұл уақытта оның орташа жалақысы толық сақталады.

Дүниежүзілік қан доноры күні – донорларға алғыс білдіретін мереке ғана емес, қоғам назарын ерікті әрі өтеусіз донорлықтың маңыздылығына аударуға мүмкіндік беретін ерекше күн. Өйткені бір адамның тапсырған қаны бірнеше адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін. Сондықтан донор болу – өзгеге өмір сыйлайтын ең ізгі істердің бірі.

«Ақмешіт-ақпарат»

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ: ҚАУІП ЖОҚ ДЕМЕ...



Қауіптің алдын алу мақсатында облыстық Төтенше жағдайлар департаменті әкімдік және полиция қызметкерлерімен бірлесіп, Қызылорда қаласы аумағындағы су айдындарында тұрақты түрде профилактикалық рейдтер жүргізуде. Дегенмен, түсіндіру жұмыстары мен ескертулерге қарамастан, демалушылар мен балық аулаушылар тарапынан қауіпсіздік талаптарын бұзу фактілері әлі де кездесіп отыр.

Мамандар тұрғындарға балаларды қараусыз қалдырмауды, алкогольдік ішімдік ішкен күйде суға түспеуді және тек рұқсат етілген орындарда ғана шомылуға ескертеді. Быыл Қызылорда облысында 7 жағайда ресми түрде белгіленген. Олар – Арал ауданындағы «Аққұмшық», Қармақшы ауданындағы «Мұратбаев», Сырдария ауданындағы «Қалғандария», Шиели ауданындағы «Бөйгекүм», Қызылорда қаласындағы «Сыр толқыны» және «Эдельвис», сондай-ақ Жалағаш ауданындағы «Асар» жағажайлары.

Төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Жандос Досымовтың айтуынша, облыста суға шомылуға тыйым салынған 63 қауіпті аумаққа 398 ескерту тақтайпайсы орнатылған. Сонымен қатар қауіпті аймақтарға инновациялық тыйым салу белгілері қойылып, 20 мобилді пост жұмыс істеуде.

Қазіргі таңда тәулік бойы рейдтік жұмыстар ұйымдастырылып, оған полиция

қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдар мен 180 ерікті жұмылдырылған. Жыл басынан бері әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 412-бабы бойынша 11 әкімшілік хаттама тоқтатылып, 166 512,5 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Өкініштісі, қауіпті орындарда шомылып жүргендердің арасында ересектермен қатар балалар да бар. Бұл – қаншама ескерту жасалғанымен, қауіпсіздікке неқұрайлы қарайтынның әлі де кездесетінін көрсетеді. Алайда өмір салғырттықты көтермейді. Әр адам өз өміріне өзі жауапты.

Бала болған соң ойнамай тұра алмайды. Сондықтан олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – үлкендердің басты міндеті. Өсіресе, жазғы демалыс кезінде бұлдіршіндерді қараусыз қалдырмай, олардың қайда жүргенін бақылап отыру қажет. Қазақтың «Сақтансаң, сақтаймын» деген аталы сөзі де осыдан шыққан.

Апат айтып келмейді. Сондықтан тілсіз жау саналатын судан балаларымызды қорғау – әрбір ата-ананың парызы. Жаздың жаймауы күндері қайғыға ұласпауы үшін қауіпсіздік шараларын қатаң сақтап, балаларды бір сәт те назардан тыс қалдырмаған жөн. Бейқамдық пен салғырттық түрлі келеңсіз жағдайларға алып келуі мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік – әрдайым бірінші орында болуы тиіс.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

2026 ЖЫЛЫ САТЫП АЛУДЫҢ ТОҚТАП ҚАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ:

КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫ ҰЗARTY ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІ БАС ТАРТҚАН ЖАҒДАЙДА АТҚАРЫЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР

Келісім-шартты ұзарту тек Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 18-бабы 2-тармағының 12) тармақшасында белгіленген барлық шарттар сақталған жағдайда ғана мүмкін:

1. Келісім-шарттың нысанына күнделікті немесе апталық қажеттіліктің тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген болуы тиіс (ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы №559 бұйрығына сәйкес);
2. 2026 жылға арналған сатып алу үшін келесі тәсілі конкурсте немесе аукцион болуы тиіс. Келесі жеткізудің шартты 2025 жылғы бағаммен есептеуге және 2026 жылға арналған сатып алу үшін жоспарлауға мүмкіндік береді.
3. Келісім-шарттың бағасы және басқа да талаптары өзгермеуі тиіс (тауардың, жұмыстың немесе қызметтің бірлігіне бұрынғы баға қолданылады);
4. Ұзарту мерзімі екі айдан аспауы тиіс.

Қосымша келісімді негізгі келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, яғни ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін ресімдеуі тиіс. Келісімді жасасам бұрын негізгі келісім-шарт сомасына электрондық актілерді бекітіп, төлемдерді болу қажет.

Келісім-шартты тек бір рет ұзартуға болады және ол «Қолданыста» немесе «Орындалды» мәртебесінде болуы қажет. Егер жеткізуші келісім-шартты ұзартудан бас тартса, тапсырыс беруші жаңа жылдың

бюджеті бағасы бойынша бір көзден шарт жасасауға құқылы. Егер жеткізуші шартты ұзартудан бас тартса, тапсырыс беруші Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16-бабы

3-тармағының 35) тармақшасына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілі арқылы келісім-шарт жасасауға құқылы.

Конкурс немесе аукцион қорытындылары шығарылғанға дейін бір көзден келісім-шарт ресімдеу үшін келесі талаптарды сақтау қажет:

1. Сатып алу нысанының тексерінісі. Ол күнделікті немесе апталық қажеттіліктің тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген болуы тиіс (ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы №559 бұйрығы).

2. Жеткізушінің жазбаша бас тартуын алынып, Келісім-шартты ұзартудан ресми бас тарту болмаса, бір көзден жаңа шарт жасасауға жол берілмейді.

3. Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы кемінде үш әлеуетті жеткізушіге сұрау жіберілуі (Мемлекеттік сатып алу қандағдарының 512-тармағы). Сұрауларға жауаптар болмаса, жүйе шарт жасасауға мүмкіндік бермейді. Сұраулардың бірін бұрынғы жеткізушіге жіберуі болуы тиіс.

4. Ең төмен баға ұсынған жеткізушінің таңдануы (Мемлекеттік сатып алу қандағдарының 515-тармағы).

5. Қаңтар айында екі айдан аспайтын мерзімге келісім-шарт жасасын.

6. Бір көзден сатып алу туралы есепті келісім-шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ресімденіс (Мемлекеттік сатып алу қандағдарының 510-тармағы).

Веб-порталда шартты ұзарту алгоритмі 1 Қалам. Жылдық жоспар тармағын дайындаңыз:

- «Жылдық жоспарлар» бөлімінде келесі жылға арналған жоспардың жобасын жасаныз. 2026 жылға арналған жылдық жоспарға «Шартты ұзарту» түріндегі жаңа тармақты қосып, оны 2025 жылғы шарттың нысанымен байланыстырыңыз (шарттың жоспар тармағының нөмірін көрсетіңіз).

- Ұзарту негізінде Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 18-бабы 2-тармағының 12) тармақшасын таңдаңыз. Жоспарды бекітіңіз.

- 2 Қалам. Қосымша келісім-шарт жасанып ашыныз: Жұмыс кабинеті → Менің шарттарым → Қосымша келісімдер. «Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 18-бабы 2-тармағының 12) тармақшасы» негізін таңдап, «Құру» батырмасын басыңыз. Жүйе шартты ұзартуға арналған жоспар тармағын автоматты түрде шығарды. Келесі мәліметтерді тексеріңіз: мерзімі (2 айдан аспауы тиіс), бағасы, көлемі. Қосымша келісімге белгіленген тәртіппен қол қойыңыз.

- 3 Қалам. Конкурс немесе аукционды бастаңыз. Келісім-шарт ұзартылғаннан кейін кон-

курс немесе аукционды міндетті түрде жариялаңыз. Өйткені келісім-шартты ұзарту тек өтеліс кезінде ғана қолданылады.

Тапсырыс берушіге арналған чек-парақ

Келісім-шартты ұзартпаса бұрын:

- сатып алу нысанының № 559 тізбесіне енгізілген тексерініс;
- «Келісім-шартты ұзарту» түріндегі жоспар тармағын құрыңыз;
- Келісім-шарт мәртебесінің «Қолданыста» немесе «Орындалды» екенін тексеріңіз;
- 2 айға арналған соманы есептеңіз;
- қосымша келісімге 31 желтоқсанға дейін қол қойыңыз;
- конкурсте немесе аукцион жарияланғаны.


Келісім-шартты тек бір рет және бұрынғы талаптар мен баға сақталған жағдайда ең көбі екі айға ұзартуға болады. Егер жеткізуші келісім-шартты ұзартудан бас тартса, Мемлекеттік сатып алу туралы заң мен Мемлекеттік сатып алу қандағдарының талаптарын сақтай отырып, бір көзден келісім-шарт жасанып, бұл жылдың басында сатып алу үшін үздіксіз жүргізуге мүмкіндік береді.

Ж.А.АБДУАНТОВ,
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің
Активтерді басқару бөлімінің
басшысы

Басы 1-бетте

Сыр өңірінің күрші шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы ғылымының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан бұл ауыл еңбеккер халқымен, берекелі тіршілігімен және бай тарихымен ерекшеленеді. Мұнда 121 шаруашылық тіркелген. Ауыл тұрғындары толықтай ауызсумен, электр қуатымен және табиғи газбен қамтамасыз етілген. Еңбек пен бірлікті ту еткен Қарауылтөбе тұрғындары ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып, туған жердің өсіп-өркендеуіне аянбай еңбек етуде. Бүгінгі Қарауылтөбе – тұрақты дамудың жолына түскен, болашағына нық сеніммен қарайтын берекелі ауылдардың бірі. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша оң серпін көрсетуде. Оқрутте қазіргі таңда 3000 тұрғын бар. Ал оның 425-і өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр.

Туған жердің топырағында туып, оның әрбір тынысын жүрегімен сезіну – кез келген басшыға бұйыра бермейтін бақ. Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі Ахетов Еркін Әбдірайханұлының өмір жолы мен қызметі осы сөзіміздің айқын дәлелі. Жақында өткен сайлауда ауыл тұрғындарының



ҚАРАУЫЛТӨБЕ – дамудың жаңа белесінде

басым дауысымен Еркін Әбдірайханұлының екінші мәрте әкім лауазымына қайта сайлауы – елдің өз перзентіне деген шексіз сенімінің көрінісі іспеттес. 2021 жылдан бастап ауыл тізгінін ұстаған Еркін Әбдірайханұлы ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда аянбай тер төгіп келеді. Ол – құрғақ уәдеден гөрі, нақты істің адамы. Оның басшылығымен ауылдың абадтануы, қоғалдануы және инфрақұрылымдық мәселелерінің жүйелі шешілуі тұрғындар тарапынан жоғары бағаланды.

Әкім болу – билік емес, халыққа қызмет ету. Еркін Әбдірайханұлының есігі ауылдастары үшін әрдайым ашық.

«Ел үмітін ер ақтар» демекші, халықтың ақ бағасын алған ол әрбір тұрғынның мұң-мұқтажына құлақ түріп, мәселенің оңтайлы шешілуіне тікелей атсалысады.



– Бюджет пен салық түсімдерін ұлғайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Биыл бюджет 149,9 миллион теңгені құрады. Әлеуметтік салада да нақты нәтижелер бар. Биыл 38 отбасына 19,9 миллион теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Халықты жұмыспен қамту бағытында тұрақты жұмыс орындарына 22 азамат орналастырылып, 12 тұрғын ақылы қоғамдық жұмыстарға тартылды. Сонымен қатар кәсіпкерлікті дамыту мақсатында екі азамат «Бастау Бизнес» жобасы аясында білім алып, сертификат иеленді, – дейді ауылдық округ әкімі.

Ауыл экономикасының негізгі тірегі – ауыл шаруашылығы. Қазіргі таңда округ бойынша мал басы тұрақты өсіп келеді. Ауыл тұрғындарының ата кәсіп – мал шаруашылығын дамытуға ерекше мән беріп отырғанын және саланың тұрақты дамып келе жатқанын айғағы бүгінде мал саны 2384 басқа жетіп отыр. Оның ішінде 1061 бас мүйізді ірі қара, 434 бас қой мен ешкі, 549 жылқы, 58 түйе және 282 құс бар.

Шағын және орта бизнеспен айналысатын ауыл тұрғындарының еңбекке деген ынтасы мен кәсіпке бейімділігі ауылдың әлеуметтік-экономикалық тынысын ашып, дамуына серпін береді. Қарауылтөбе ауылдық округінде кәсіп ашамын деген азаматтарға мемлекеттік қолдау бағдарламаларының игілігі кеңінен таныстырылып, нәтижесінде кәсіпкерлік нысанның саны жыл санап артып келеді. Қазіргі таңда округте барлығы 144 шағын кәсіпкерлік ресми тіркеліп, тұрақты жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 3 заңды тұлға, 123 дара кәсіпкер және 18 шаруа қожалығы ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету салаларын дөңгелетіп отыр. Кәсіпкерлікке бет бұрғандардың динамикасына көз жүгіртсек, 2025 жылы 12 жаңа нысан ашылса, биылғы 2026 жылдың өткен кезеңінде тағы 8 тұрғын өз ісін бастаған. Кәсіпкерлікті қолдаудың тағы бір тетігі – «Іскер» бағдарламасы. Осы бағыт аясында жалпы құны 17 млн теңгені құрайтын 2 жобаға өтінім тапсырылған. Бұл жобалар іске қосылғанда ауылда жаңа жұмыс орындары ашылып, жергілікті өнім көлемі артады деп күтілуде. Ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы Қарауылтөбе де жемісін беруде. Қазіргі уақытта жалпы құны 18,8 млн теңгені құрайтын 2 жоба мақұлданып, қажетті құжаттары рәсімделуі сатысында. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта тағы да еселенбек, себебі қосымша 3 жоба бойынша арнайы комиссияның отырысы күтілуде.

Мемлекеттік бағдарламаның игілігін көріп, кәсібін дөңгелетіп отырған ауыл тұрғыны Лаззат Досаханова 2024 жылы ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға арналған «Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» арқылы 2,5 пайызбен несиені алған. «Ештен кеш жақсы» демекші, кәсіпкер 45 жасында тәуекелге бел байлап, тігін шеберханасын ашты. Оған кенже қызы Аяланың есімін беріп, бүгінде «Аяла» шеберханасы ауыл тұрғындарына сапалы қыз жасауын, төсек жаймалары мен асхана жабықтарының ұсынуда.

– Отбасымызбен ақылдаса келе үй ауласынан тігін цехын ашуға бет бұрдық. Түрлі жиһаз жапқыштары, қазақшы

нақыштағы құрақ көрпешелер, көрпелер жасап шығарудамыз. Шығарған өнімдерімізді ауыл, қала тұрғындарына және әлеуметтік желілері арқылы Астана, Алматы қаласының тұрғындары да тапсырыс береді. «Ауыл Аманаты» жобасына табыс табамын, кәсіп ашамын деген адамға қатысу оңай, құжаттарды бұрынғыдай мекемеге апарып жүрмей, үйден шықпай онлайн портал арқылы жинақтап өтініш беру арқылы несиені қаражатын алуға өте қолайлы жағдай жасалған. Қазіргі таңда тігін цехында отбасымынан бөлек тағы екі адамды жұмысқа алып, ай сайын уақытылы жалақымен қамтамасыз етіп отырмын, – дейді кәсіпкер.

Лаззат Досаханова – тек іскерлік әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар кәсіпкер ғана емес, үлкен бір әулеттің берекесін кіргізіп отырған парасатты келін. Ол – ұзақ жылдар бойы қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүріп, Ардагерлер кеңесін басқарған 86 жастағы абыз ақсақал Амангелді Досаханов пен 11 баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеген «Алтын алқа» иегері, 80 жастағы асыл ана Нәзіфа Досаханованың шаңырағындағы аяулы жан.

Бүгінде осынау қара шаңырақтың түтінін түзу ұшырып, қарттардың бағасын алып отырған Лаззаттың бейнесі – қазіргі заманғы іскер әйел мен дәстүрлі қазақ келінінің ибалы үндестігі. Ол үлкендердің бабын тауып, әулеттің абыройын асқақтату арқылы отбасылық құндылықтардың шынайы үлгісін көрсетіп келеді. «Мерейлі отбасы» облыстық сайынсыз жұлделері атанған бұл отбасы ауылда абыройлы әулет. Жолдасы Ғалымжан Досаханов та нағыз істің адамы. «Даму» қоры арқылы несиені алып, мал бордақылауды кәсіп еткен. Ауылдастарын ет өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған ол енді ауыл халқына таза, табиғи көкөністермен қамтамасыз ету мақсатында «Ауыл аманаты» арқылы жылыжай жобасын



қолға алуда.

– Ауылда кәсіп ашылса – жаңа жұмыс орындары пайда болады, жұмыссыздық азайып, салық төленеді. Бұл – ауылдың көркейіп, халықтың жағдайы жақсаруының кепілі. «Ауыл аманаты» – табыс табамын деген жаңа өте қолайлы жоба. Құжат тапсыру процесі де жеңілдетілген, бәрін үйден шықпай-ақ онлайн портал арқылы рәсімдеуге мүмкіндік жасаған, – дейді ол.

Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылдық округі бүгінде жаңа кейіпке еніп, инфрақұрылымы нығайып келеді. Ауыл әкімі Еркін Ахетовтің басшылығымен биылғы жылы ауылдың ішкі келбетін жақсарту, жарықтандыру және әлеуметтік нысандар салу бағытында бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асуда. Ауылдың жаңа қоныс аумағындағы тұрғындар үшін маңызды мәселелердің бірі – көшелерді жарықтандыру еді. Осы орайда, жаңа қоныс көшесінде 2,8 млн теңге қаржы бөлініп, заманауи жарық бағаналарын орнату жұмыстары жүргізілуде. Бұл тапсырысты «Елім-Аманатым» мердігер мекемесі сапалы атқаруда.

Сонымен қатар ауылдық округтің жалпы көше жарығын үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында «Қызылорда электр тарту торпаңтары» компаниясы АҚ-мен 10,8 млн теңгеге келісімшарт жасалып, жыл бойы тиісті жұмыстар атқарылуда. Жарық бағаналарының техникалық аудын алу тақырыбы бойынша үздік журналистік жұмыстар бойынша қалалық байқау өтеді.

Жұмыстар авторлық репортаж, мақала түрінде қабылданады. Манғызды ескерту: Мақалалар a_kzl@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады. Репортаждар DVD дискпен 8-776-878-57-77 телефонына хабарласу арқылы қабылданады. Жұмыстарды қабылдау мерзімі: 12-26 маусым 2026 жыл Анықтама телефоны: 87768785777

тәртібінен түспейтін мәселе. Осы мақсатта ЖК «Ибраевнен» 1 млн теңгеге жыл көлемінде қызмет көрсету келісімшарты жасалып, санитарлық тазалық жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Жаңа амбулатория бой көтереді

Ауылдық округ әкімдігі тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында бірқатар маңызды жобаларды қолға алып, оларды іске асырудың құқықтық және қаржылық тетіктерін қарастыруда. Ауыл тұрғындары үшін маңызды жаңалық жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысы. Қазіргі таңда нысан үшін 3000 шаршы метр жер учаскесі бөлініп, барлық құжаттары рәсімделді. Жобаның құны 357,9 млн теңгені құрайды. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өткен. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан бюджеттік өтінім беріліп, құрылысты бастау үшін қаражат көзі күтілуде. Сонымен қатар А. Иманов, А. Құнанбаев және Ж. Әбдіқалықов көшелеріндегі электр желілері мен бағаналарын жаңарту, сондай-ақ жаңа электр тарататын қондырғы орнату мәселесі де шешімін тапқақ. Жалпы құны 348,2 млн теңгеге бағаланған бұл жоба бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы аяқталып, жеңімпаз ретінде «Нұрай-Ақжол» ЖШС танылды. Бұл жұмыстар аяқталған соң, аталған көшелердегі жарық сапасы айтарлықтай жақсаратын болады.

Ауыл ішіндегі қатынасты жеңілдету мақсатында А.Иманов-1, Желтоқсан-1 және Иманов-4 түйіктарына орташа жөндеу жұмысы жоспарлануда. Қазіргі уақытта 29,3 млн теңгеге бағаланған жобалық-сметалық құжаттарға тиісті өзгерістер енгізілуде. Бұл жұмыстар аяқталған соң бюджеттік өтінім ұсынылып, жөндеу жұмыстары бастау алады.

Ауылдық округтегі жол мәселесін кешенді түрде шешу мақсатында бірқатар ірі жобалар қолға алынды. Соның ішінде ең ауқымдысы – Жеңіс көшесі, А.Құнанбаев көшесінің басы мен Ж.Әбдіқалықов түйігін, сондай-ақ осы көшелерді байланыстыратын түйіктарды қайта жаңғырту жұмыстары. Жалпы құны 107,5 млн теңгені құрайтын бұл жоба бүгінде кезең-кезеңімен іске асырылуда. Жанадан қоныстанушы аумақ та назардан тыс қалмады: №1, №3, №5, №10 көшелері мен №2, №4, №6 түйіктарына орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Қазіргі таңда бұл мәселе бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолғаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімімен келісу жұмыстары жүріп жатыр.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысында негізі



қаланған Қарауылтөбе бүгінде әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан дамып келе жатқан ауылдардың қатарына жатады. Ауыл тұрғындарының негізгі кәсібі егін және мал шаруашылығы болса, соңғы жылдары кәсіпкерлік саласы да қарқынды дамуда. Инфрақұрылым жаңарып, жаңа нысандар бой көтеріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. 3000-ға жуық халық тұратын елді мекенде білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және кәсіпкерлік салалары тұрақты дамып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жылдан-жылға артып келеді.

Думан КЕЦШЛК

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қалалық қоғамдық даму бөлімінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық ақпараттық түсіндірме» жобасы аясында БАҚ өкілдері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тақырыбы бойынша үздік журналистік жұмыстар бойынша қалалық байқау өтеді.

Жұмыстар авторлық репортаж, мақала түрінде қабылданады.

Манғызды ескерту: Мақалалар a_kzl@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады.

Репортаждар DVD дискпен 8-776-878-57-77 телефонына хабарласу арқылы қабылданады.

Жұмыстарды қабылдау мерзімі: 12-26 маусым 2026 жыл

Анықтама телефоны: 87768785777

Байқауға 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап 26 маусым аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті күнделікті қолдауға бағытталған материалдар қабылданады.

Байқауға қатысатын журналистік жұмыстар Қызылорда қаласы мәдениет тартатын ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Жұлде қоры 220 мың теңге:
I орын: 100 000 теңге
II орын: 70 000 теңге
III орын: 50 000 теңге

Құрметті Қызылорда қаласының БАҚ өкілдері!
Конкурсқа қатысуға шақырамыз!

БАҚ ӨКІЛДЕРІ АРАСЫНДА
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ ТАҚЫРЫПТАҒЫ
ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТІК
ЖҰМЫСТАРҒА
БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНАДЫ

МАҚСАТЫ: Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық ақпараттық түсіндірме жобасы аясында БАҚ өкілдері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тақырыбы бойынша үздік журналистік жұмыстар бойынша қалалық байқау өтеді.

Жұмыстар авторлық репортаж, мақала түрінде қабылданады.

Манғызды ескерту: Мақалалар a_kzl@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады.

Репортаждар DVD дискпен 8-776-878-57-77 телефонына хабарласу арқылы қабылданады.

Жұмыстарды қабылдау мерзімі: 12-26 маусым 2026 жыл

Анықтама телефоны: 87768785777

Байқауға 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап 26 маусым аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті күнделікті қолдауға бағытталған материалдар қабылданады.

Байқауға қатысатын журналистік жұмыстар Қызылорда қаласы мәдениет тартатын ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Жұлде қоры 220 мың теңге:

I орын: 100 000 теңге

II орын: 70 000 теңге

III орын: 50 000 теңге

Құрметті Қызылорда қаласының БАҚ өкілдері!

Конкурсқа қатысуға шақырамыз!

1 Төле би көшесі 100-ші үй (Баспа сарайы, 9-этап, телефон)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ – БІРТЕ!

БАСЫ 1-БЕТТЕ

• КОЛЛАЖ А.НҮР

ҚОҒАМ ҚАСІРЕТІ:



БЕЗБҮЙРЕК АНАЛАР ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Осындай жауыздық әрекеттің тылсым сыры неде? Мүмкін тағдыр тәлкегі дерсіз, бәлкім адасқандық, не болмаса зұлымдық. Бәрібір мұның астарында қылмыстық әрекет жатыр. Өзінің өзегін жарып шыққан тұла бойына біткен тіршілік иесін қандай ана коқысқа лақтырады? Иісі жұпар аңқыған нәрестесінен неге бас тартады? Олардың не жазығы бар? Бұл мәселеге бүкіл қоғам бейжай қарамау керек. Мұндай әрекетті тоқтатудың жолын қарастырмаса, бұл дерт асқынды барады. Менің намысыма тиетіні осындай әрекетті жасайтын жандардың көпшілігі өзіміздің қарақөз қыздарымыз. Өзге ұлттың өкілдерін көп кездестірімедік. Неге солай? «Қызға қырық үйден тыйым» деген халқымыздың кастерлі өнегесін аналарымыз неге үлгі тұтпаған? Осының көпшілігі нәзікжандылардың қазір ғаламтор арқылы танысып, бір көрген адамның өзінің өмірлік жарына балап, алданып қалуынан немесе жеңілтек жүріс пен ішкіліктің зардабынан болып отыр. Басқа түк те емес. Ұлттың ұлықты, қызымыз қылықты деп жарияға жар салғанмен, осындай жанға жара, көңілге дақ салып, ұлтқа ұят әкелетін қарақөздер қазіргі заманда көбейіп барады. Бұл қателікті жөндеу әйел қоғамының мойнына артылған ауыр міндет болып тұр. Отбасындағы тәрбиенің де осалдығы айтпаса да түсінікті.

Әлеуметтік желідегі Сая Қасымбек замандасымыз басынан өткен оқиғасы мен жан толқынысын жариялапты. «Осыдан 40 жыл бұрын Дәулетім туа сала асқанға ас түсетін ішегі бүтін боп, 17 күн дегенде ота жасаттым. Шүкір, бүгінде балалы-шағалы. Сол кезде балам ембеген соң, төсім сүтке тырысқан, жанымды қоярға жер таппадым. Медбике «көрші палатада балалар үйінің сәбиі жатыр. Босқа сауғанша сол баланы емізші» деді. Жүгіріп бардым. Ой, тоба. Көзін төбеге тіреп, монтипып жатыр! Емізіп едім, алғашында сәл таңырқап қарады. Бір-екі тартқан соң дәмі ұнады білем, солқылататын еме бастады. Көзі шерлі. Туабітті тастанды болғанын білетіндей салмақты қарағанына жүрегім тоқтап қала жаздады. Сүттен босап, жаным кірді. Қарны тойған сәби «фракет» дегендей жымиды. Күлмеді. Ересек адамша жымиды. Қарны тойған секілді. Қалай десек те, үкіметтің қолына түскен бала өлмейді. Бәлкім, мейірім көрмес, бірақ, кәметел жасқа аман жететіні ақиқат. Қасында құрғақ ползуноктар бүктеулі тұр екен. Деруе ауыстырдым. Содан балам ембейтіндіктен сол сәбиді емізетін болдым. Жетім бала айналаға тез қалыптасады білем, 2-3 күнде томиып шыға келді. Бірақ көзі сол күйі мұңды. Күлмейді. Жыламайды. Бір күні «мына бала неге жыламайды» деп беймезгіл уақытта барсам, көзін төбеге қадап жатыр. Басынан сипасам, ризалығын білдіргісі келгендей үлдеп, бірдеңе айтып жатыр. Бар болғаны бір жарым айлық сәби сөйлескендей үлдегенде, көзімнен жасым ыршып кетті. Көзі баданадай қап-қара. Түрі аппақ. Шашы-қасы қою қара. Ұл. Баламның отасы сәтті шығып, ауруханадан шығатын күніміз жетті. Он күн бойы емізетін деп, бауыр басып қалыпмын. Қимаймын. Әкеткім келді. Бірақ ол кезде ененің қолында, өз күйім жетісіп тұрған жоқтын. Кететін кезде қимай емізгілі кірсем, әдеттегідей төбеге емес, есікке қарап жатыр екен. Тап бір менің соңғы рет емізетіндім, кететіндім білгендей. Жүрегім солқ етті. Мені көргенде қуанғанын көрсенді. Қоштасқысы келмегендей жәймен ұзақ емді. Болған соң кеудеме басып сүйеді. Бір жарым айлық бала мұндай қарекетті қайдан білетіне таң қалып, бауырыма басып еңірейін. Мейіргер ажыратпағанда қанша жылдарым белгісіз. Кешегі қоқыстан табылған нәрестені көргенде «сол бала биыл аман болса 40-қа толады» деп ойлап қойдым. Қандай боп ержетті екен, көрсем ғой» дейді мейірімді ана.

Мейірімге сусаған заманда жүрегі езілердей өкіс қысқан ана келді көз алдыма. Ал 9 ай 10 күн көтеріп, қанасынан жарып шыққан сәбині көзі қиып коқысқа тастайтын аналарға не айтамыз.

Құрсағың мұздамасын,
Жүрегің сыздамасын.
Қарға да құзғын болып,
Тастамас өз баласын.
Періште жаным кима,
Өтінем өмір сыйла.
Қоқыстан көтеріп ал,
Тезірек есің жый да.
Мен сенің құлыңымын,
Бүрлеген тірі гүлмін.
Өспеген шыбыңымын,
Жалғасқан ғұмырымын,
Тастамашы Ана...

Міне, бұл ақынның жан айқайы! Анасы тастап кетіп, өлім құшқан шараның монологы. Мынаны оқып отырып, жанардан жас тамшылайды. Біз азана қазақпыз. Бір-бірімізді қамшылап оятпасақ, бізді кім қамшылайды? Ағайын, енді бұл өте сұмдық жағдай. Осындай тағдыр тәлкегіне ұшырап, коқысқа тасталған баланың бүгінде аман қалып, үлкен азамат болып, қоғамға пайда келтіріп жатқандары да бар екен. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер» демей ме қазақ. Анасы нәрестесін ажалға қиса да, Аллам оған қорған болып, сұм ажалдан қорғап қалған. Бұл қандай күдірет десенші! Жаратқанның жарлығынсыз қурай да сынбайды деген сөздің парқын осындайда ұғасын.

Бірақ жаралы жүрек қалай жазылар? Өмір деген жағайып әлемнің есігін ашып кіре сала аның аялы алақанынан сусып түсіп, ажал құшқан бейкүнә періштелердің өліміне тоқтау бола ма? Бұл біздің қоғамның ашы шындығы болғанмен, әлі оның дауасы болмай тұр. Не істемек керек? Дүрлігіп шешімін таппасақ, дүбара болатын түріміз бар. Онық жеп қалмайық! Рух жаншылса, жан азабын бірге тартамыз. Ал жан азабы тән азабынан қиын. Ойлан, қазақ!

ШАҢЫРАҚ — ШАТТЫҚ ШЫРАҒЫ

*Отбасы - тәлім ошағы,
Қоғамға үлес қосады.
Отбасын қадір тұтқанның,
Мерейлі болар Отаны.*

*Шаңырақ - шаттық шырағы,
Бақытты мекен тұрағы.
Ұрпақтар оның ұығы,
Бірлікке үндеп тұрады.*

*Аналар - үйдің шуағы,
Келіндер - үйдің тұмары.
Тату-тәтті шаңырақ,
Ұлтымының игі тұрады.*

*Балалар - көгал балғыны,
Адамзаттың жан гүлі.
Балаға бақыт сыйласын,
Отбасының әр күні.*



Бетті дайындаған Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Отбасы тәрбиесі мықты болса, ұяда өскен бала да жақсы әдетке бейімделіп, рухани толысып айналасына шуақ төгіп мейірімді болады. Себебі қанаты қатайғанша сәбиді өмірге бейімдеп тәрбиелейтін ата-анасы, отбасы мүшелері. Сондықтан қазақ «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп тегін айтпаған. Тәрбиенің қайнар көзі қазақтың салт-дәстүрінен бастау алады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР — ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Қазақ дәстүрінің ұмытылмауын насихаттап жүрген ел анасы жазушы Зейнеп Ахметова ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып алмау керектігін жиі айтады. Жазушының сөзінше, алысқа бармай-ақ соңғы 30 жыл ішінде елімізде бала тәрбиесінде олқылықтар көп.

— Біз тез еліктеп кетеміз. Тіпті мектептің өзінде осы отыз жылдың ішінде қанша рет өзгеріс болды. Қазіргі балалар дұрыстап сөйлей алмайды. Тест, компьютерге үйренген. Білімнің барлығы — кітапта. Бұрын ата-әжелер мектебі болған. Ауылдағы ата-әжелер сол ауылдағы баланың бәрін тәрбиеледі. «Әй, пәленшенің баласы, бұзауды қайырып кел» дегенде ол сенің атаң болмаса да, қайырып келетінбіз. Шыны айту керек, ата-әже мектебі келмесе кетті. Бірлі-жарым сақталған шығар. Ол түгілі ата-ана тәрбиесі, ықпалы азайып бара жатыр. Қазір бала көп нәрсені ата-анасынан емес, компьютерден сұрайды. Интернет ата-ананың өзін осылай ысырып жатыр. Бұл — қауіпті. Халық педагогикасына көп көңіл бөлмей, біз тәрбиеге жарымаймыз. Отыз жыл ішінде қазақ мектебі, балабақшасы көбейді. Бірақ күні бүгінге дейін бірде бір ұлттық мектеп, балабақша болған жоқ, — дейді жазушы.

Зейнеп Ахметова баланы білімге қызықтырып, көбірек кітап оқытуға көңіл бөлуді ескертеді. Қазақ баланы «ұят болады», «сауап», «обал» дегенді ұғындырып тәрбиеледі. «Өлімнен ұят күшті» деп өсірді. Қазір сол ұят кетіп қалды. Батыстың ұғымында балаға сөйлеу керек. Анасының шапалағына баласы «Сен менің құқымды бұздың, сотқа беремін» деп жауап береді. Ол жақтың заңы, салты біздің менталитетімізге келмейді. Оны сол күйі әкеліп көшіру — ұлттың тұтастығын, ұлттығын құртайды. Бала бұрын білмеген нәрестің әке-шешесінен, үлкендерден сұрайтын, қазір бәрін жауабы интернетте бар. Отбасы — мемлекеттің ұйытқысы, әр отбасы — шағын мемлекет. Сондықтан мүмкін болғанша балаларды көбірек кітапқа қарай бұру керек. Көбірек ойын ойнатуымыз керек. Ұлттық ойын көп. Интернет білім бермейді. Ол жерде тек ақпарат. Ал балаға білім керек. Интернетке көп отырған бала ойын толық айта алмайды. Сөзінде жүйе жоқ. Оған мектептегі бағдарламалар да кінәлі. Мазмұндама, шығарма жазбайтын баланың ой-санасы қалай өседі?, — дейді жазушы.

Шынында, біздің мектеп қабырғасында жүрген кезімізде қиял әлеміне сапар шегуіне мүмкіндік болатын. Қиялымыздың жеткен жеріне дейінгі армандарымызды қағаз бетіне түсіріп, жақсы әсердің жетегінде жүретінбіз. Мәселен, «Менің атым — Қожа» фильмін көрмеген адам жоқ шығар. Сондағы Қожаның қиял әлеміне қалықтап, ойын қағазға түсіріп шығарма жазғаны қандай керемет бейнеленген. Қожа қанша бұзық, ерке болса да, шығармашылық ойға берілгенде ақылды балаға айналып, жақсы кейіпкер қалыптасқан.

Қазіргі балалар үй тапсырмасын ғаламтор арқылы орындайды. Есепті де ойланбай шығарса, шығарманы да арнайы бағдарламамен көшіріп ала салады. Баланың ой жүйесі дұрыс дамуға бейімделмеген. Ойлау қабілеті төмендейді деген сөз. Сондықтан Президент айтқандай кітап оқытын ұрпақ қалыптастыруымыз керек. Газет, журналды балалар оқып үйрену керек. Көркем әдебиетті оқымаған баланың тіл байлығы да жұтаң болады. Өйтпесе қазақтың тілі шұрайлы, бір сөздің бірнеше мағынасы бар. Сөзін салмақты шығып, шешен сөйлеу үшін кітаптың пайдасы орасан зор. Сондықтан әсіресе осындай жазғы демалыста балаларды кітаппен достастыру керек. Біздің балалық шағымызда ұстаздарымыз жазғы демалыста «оқыған әдебиеттердің мазмұнын жазып кел» деп тапсырма беретін. Қазір сол ұмыт қалған секілді. Тіпті ата-аналарымыз қисса-дастандарды, көркем әдебиеттерді дауыстап оқытып, тілімізді жаттықтыратын, сөз байлығымызды молайтатын.

«Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой» деп ғұлама Абай адамзатты білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға шақырады. Ақыл, қайрат, жүрек — адам болмысының үш тағаны. Абай он жетінші қара сөзінде ақыл, қайрат және жүрек үшеуінің өзара таласын сипаттайды. Әрқайсысы өз артықшылығын дәлелдеуге тырысады, бірақ соңында ғылымға жүгінеді. Ғылым олардың әрқайсысының маңызын мойындай отырып, жүректі басшылыққа алуды ұсынады. Бұл жерде ғылым — әділ төреші ретінде көрінеді, ал жүрек — адамгершілік пен мейірімділіктің қайнары.

Абай ғылымды тек білім жинау құралы емес, сонымен қатар адамгершілік пен рухани дамудың негізі ретінде қарастырды. Ол ғылымның көмегімен адам ақыл, қайрат және жүрек қасиеттерін үйлестіріп, кемелдікке жетеді деп сенді. Бұл көзқарас сол кезіндегі қазақ зиялыларының арасында кең таралды және кейінгі ұрпаққа үлкен әсер етті.

Абайдың 38-қара сөзінде: «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі ізденгенді көлгенше. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.» Абайдың 38-қара сөзі қазақ қоғамының сол кезіндегі шынайы бейнесін көрсететін терең философиялық шығарма. Ол ғылым мен білімнің маңыздылығын, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың білімге әсерін және ұлттық болмыстың сақталуын терең талдайды. Абайдың бұл ойлары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Міне, отбасындағы бала тәрбиесінде бізден бұрын өмір сүрген ойшылдардың, даналардың жазған шығармаларынан үлгі алсақ, отбасындағы ұлттық құндылық нығайтып, бала тәрбиесінде бағыттымыздан қателеспейміз. Себебі келер ұрпақ біздің тәуелсіз еліміздің болашағы мен жарқын келбеті.

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сар медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4400 Тапсырыс №1007

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжан Айтжанова